

5B011600-География мамандығының білім беру бағдарламасының бітірушілері менгеруі тиіс негізгі құзыреттер

Құзыреттіліктердің түрі	Қалыптасатын құзыреттіліктер	Зерттеу кезінде қалыптасатын құзыреттіліктер
Ана тілі саласындағы құзыреттіліктер	Тілдің оқу мақсатындағы негізгі лексикасын және мамандық тілін, терминологиясын білу және түсіну керек. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілді жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, оқушылардың әлемдік танымын қалыптастыру.	Ақпараттық – тарихи модуль, Коммуникативті модулі, Кәсіби тілдер, әдістеме және жертану модулі
Шет тілдері саласындағы 1. құзыреттіліктер	Орыс, шетел тілдері оқыту мақсаты мен міндеттері, негізгі түсініктері, даму тарихы мен қазіргі жағдайы туралы білу және түсіну керек. Орыс, шет ел тілдерінің жүйесін, құрылымы мен қызметін, тіл жүйесінің негізгі категорияларын, олардың деңгейлік құрылысын, фонетикалық және лексика-фразеологиялық жүйелердің өзгешелігін, қазіргі әдеби тілдердің грамматикалық құрылысын біліп, кәсіби қызметінде қолдана білу керек. Орыс, шетел тілдерінің лексикалық қабаттары мен стильдік мінездемесіне сәйкес ажырата білу керек. Орыс, шетел тілдерінің құрылымы, тілдік бірліктері мен олардың қызметін, негізгі даму сатылары туралы негізгі білімдерін қолдана алуы керек.	Коммуникативті модулі, Кәсіби тілдер, әдістеме және жертану модулі
Іргелі математикалық,	Оқу және ғылыми мақсаттарда	Ақпараттық – тарихи

<p>жаратылыстану-ғылыми және техникалық дайындық бойынша құзыреттіліктер</p>	<p>жоғары жетістіктерге жетуде және салауатты өмір сүру тәрбиесі туралы қажетті жаңа ақпараттарды қолдану үшін өз бетінше ғылыми іздену жұмыстарын жүргізу керек. Еркін қарым қатынас жасай білу және өздік жұмыс нәтижелерін жазбаша, ауызша формада көрсете білу керек.</p>	<p>модуль</p>
<p>Компьютерлік бойынша құзыреттіліктер</p>	<p>Өзінің тарихи салада қызметінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана білу керек. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттандыру қоғамының жаңа талаптарын орындауы, оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды қолданылу керек</p>	<p>Ақпараттық – тарихи модуль, Кәсіби тілдер, әдістеме және жертану модулі</p>
<p>Оқу бойынша құзыреттіліктер</p>	<p>Ынтымақтастық, танымдық қызметін жандандыруда оқушылардың өзіндік жұмыстары, өздігінен білім алудың технологиясы мен оқу ресурстарына еркін кіру, жеклеген жеке тұлғалыққа бағытталған тәрбие аясы кеңістігін кеңейту, қазіргі заманғы алуан түрлі мәдениетті қоғамда жекебасты қауымдастыққа кірігуі барысында тұлғаның білімділік пен құзіреттілік көрсете білуін қалыптастыру.</p>	<p>Кәсіби тілдер, әдістеме және жертану модулі, Педагогика және тәрбие жұмысы модулі, Қазақстандағы туризм ісі және саясат модулі, Геология, топография негіздері модулі, Өзін-өзі тану , жер қыртыстары және ауа райын болжау модулі, Геоэкология, ландшафттану және топырақ географиясы модулі, Жаратылыстану және ТМД географиясы модулі, Өлке, ел географиясы модулі, Экология модулі, Дене шынықтыру модулі, Кәсіби практика модулі, Мемлекеттік қорытынды аттестация модулі</p>

<p>Әлеуметтік (тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық) құзыреттіліктер</p>	<p>Әлеуметтік құрылым туралы, әлеуметтік процесстер мен әлеуметтік институттар – қоғам дамуының өте маңызды элементтері ретінде, әр түрлі әлеуметтанулық бағыттар мен мектептер, жинау әдістемесі және әлеуметтік ақпараттарды өңдеу жөнінде жүйеге келтірілген білімдерді алуға бағытталған. Студенттерге негізгі теоретикалық бағыттар мен ғылымда қолданылатын эмпирикалық әдістер жөнінде кешенді білімдерді беру.</p>	<p>Ақпараттық – тарихи модуль, Қоғамдық-әлеуметтік модуль</p>
<p>Кәсіпкерлік, экономикалық құзыреттіліктер</p>	<p>Нарыққа өту жағдайында экономикалық теорияның практикалық функциясы елеулі күшейді. Шаруашылық жүргізу механизмінің радикалды реформасы экономикалық теория алдында жаңа міндеттер ұсынды. Қазіргі экономикалық дамудың ерекшеліктеріне сүйене отырып, өмірдің өзі қойған сұрақтарына жауап беру қажет.</p>	<p>Қоғамдық-әлеуметтік модуль, Дүние жүзі және Қазақстанның физикалық-экономикалық географиясы модулі, Туристік бизнес модулі</p>
<p>Мәдени, сондай-ақ қосымша қабілеттер</p>	<p>Білім беру саласында жаңа инновациялық үрдістерді меңгеруі, Тарихи процесстерге, оқиғаларға сын тұрғысынан қарай білуі керек. Интеллектуалдық, моральдық-адамгершілік, коммуникативтік, ұйымдастырушылық-басқарушылық дағдыларын дамытуға ұмтылуы керек. Қазіргі ақпарат мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жаңа білімді меңгеруі тиіс.</p>	<p>Ақпараттық – тарихи модуль, Қоғамдық-әлеуметтік модуль</p>

